ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОКУРАТУРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

20.10.2022 № 2-010346-22-92944
21.09.2022 № ДЗ-253

**«Қазақстан Халық партиясы» фракциясының депутаттарына**

Кіші Талдыкөл көлдер тобы бойынша

**Құрметті депутаттар!**

Бас прокуратура Астана қаласының Кіші Талдыкөл көлдер (бұдан әрі – Көлдер) тобының аумағындағы құрылысқа қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарады.

2022 жылғы 11 шілдеде елордалық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың (бұдан әрі – МАӘС) шешімімен «Aqiqat» корпоративтік заңгерлер коалициясы» ҚБ-ның (бұдан әрі – Қоғам) Көлдердің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілемеуінен көрініс тапқан елорда әкімдігінің әрекетсіздігін заңсыз деп тану бөлігінде талаптары қанағаттандырылғаны анықталды.

Осы шешіммен сот жергілікті атқарушы органға үш айлық мерзімде Көлдердің (№№6, 7, 9) су қорғау аймақтары мен белдеулерін бекітуді және Астана қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Су қорының жерлерін елді мекен жерлерінің санатына ауыстыру туралы» қаулысының күшін жоюды міндеттеді.

Бүгінгі күнге сот шешімі заңды күшіне енбеген, өйткені ол шағымдалған және апелляциялық сатыда қаралуда (қарау 27.10.2022 жылға белгіленген).

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабына сәйкес сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жататын өтініштерді, арыздар мен шағымдарды ешбір басқа органдар, лауазымды адамдар немесе өзге де адамдар қарауға немесе бақылауға ала алмайды.

Елорда әкімдігінің әрекеттеріне сот баға беретін болады.

Бұдан бөлек, сот талқылауы барысында елорданың әкімдігі Жер кодексінің нормаларын (43-баптың 1-2-тармағы) бұзғаны анықталды – Көлдер маңындағы учаскелер осы аумақтарды елді мекендер санатына ауыстырғанға дейін берілген.

Осыған байланысты МАӘС Су ресурстары (Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі), Жер ресурстарын басқару (Ауыл шаруашылығы министрлігі) комитеттері мен Астана қаласы әкімінің атына жеке ұйғарымдар шығарды.

Соттың жеке ұйғарымдарының негізінде уәкілетті органдар болашақта жер және су заңнамаларының бұзушылықтарына жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ аталған проблема Жер ресурстарын басқару комитетінің бақылауында тұр және сот талқылаулары аяқталғаннан кейін қалыптасқан жағдайға ден қою мәселесі қаралатын болады.

Сонымен бірге жоғарыда баяндалған фактілерді ескере отырып, Астана қаласының прокуратурасы 2022 жылғы 20 қазанда елорда әкімдігіне Көлдердің айналасындағы құрылыс сұрақтарын реттеу туралы хат жіберді.

**Қазақстан Республикасы**
**Бас Прокурорының м.а.** **Т. Тәшімбаев**

орынд. Е. Мақашев,
тел. 71-27-88

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОКУРАТУРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

20.10.2022 № 2-010346-22-92944

21.09.2022 № ДЗ-253

**Депутатам фракции**
**«Народной партии Казахстана»**

По группе озер Малый Талдыколь

**Уважаемые депутаты!**

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос относительно застройки в районе группы озер Малый Талдыколь (далее – Озера) города Астаны.

11 июля 2022 года решением специализированного межрайонного административного суда столицы (далее – СМАС) удовлетворены требования ОО «Коалиция корпоративных юристов «Aqiqat» (далее – Общество) в части признания незаконным бездействие столичного акимата, выразившееся в неустановлении водоохранных зон и полос Озер.

Этим же решением суд обязал местный исполнительный орган утвердить в трехмесячный срок водоохранные зоны и полосы Озер (№№6, 7, 9) и отменить постановление акимата города Астаны от 23 декабря 2020 года «О переводе земель водного фонда в категорию земель населенного пункта».

На сегодня решение суда не вступило в законную силу, поскольку оно обжаловано и находится на рассмотрении в апелляционной инстанции (рассмотрение назначено на 27.10.2022 года).

Согласно статье 1 Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» обращения, заявления и жалобы, подлежащие рассмотрению в порядке судопроизводства, не могут быть рассмотрены или взяты на контроль никакими другими органами, должностными или иными лицами.

Оценка действиям столичного акимата будет дана судом.

Кроме того, в ходе судебных разбирательств установлено, что акиматом города Астаны допущены нарушения норм Земельного кодекса (п. 1-2 ст. 43) – участки близ Озер предоставлены до перевода этих территорий в категорию населенных пунктов.

В этой связи СМАС вынесены частные определения в адрес комитетов по водным ресурсам (Министерство экологии, геологии и природных ресурсов), по управлению земельными ресурсами (Министерство сельского хозяйства) и акима города Астаны.

На основании частных определений суда уполномоченными органами проведена разъяснительная работа по недопущению впредь нарушений земельного и водного законодательства.

Также обозначенная проблема находится на контроле Комитета по управлению земельными ресурсами и после завершения судебных разбирательств будет рассмотрен вопрос реагирования на сложившуюся ситуацию.

Между тем, учитывая вышеизложенные факты, прокуратурой города Астаны 20 октября 2022 года в столичный акимат направлено письмо об урегулировании вопросов строительства вокруг Озер.

**И.о. Генерального Прокурора**
**Республики Казахстан** **Т. Ташимбаев**

исп. Макашев Е.,
тел. 71-27-88

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОКУРАТУРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.10.2022 № 640

Астана қаласы

город Астана

**Іссапарға бару және міндеттерді атқаруды жүктеу туралы**

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 20-21 қазан аралығында Кипр Республикасының Никосия қаласында Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және ұстап беру туралы мемлекетаралық шарттарға қол қою рәсіміне қатысу үшін **2022 жылдың 19-22 қазаны аралығында Кипр Республикасына (Никосия қаласы)** іссапарға барамын.
2. Мен іссапарда болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары **Т.Ғ. Тәшімбаевқа** жүктеймін.
3. Жол Астана - Франкуфурт-на-Майне - Никосия - Франкуфурт-на-Майне - Астана бағыты бойынша әуе көлігі арқылы жүргізілсін.
4. Іссапар шығындары 005 «Шетелге іссапарлар» бюджеттік бағдарламасы есебінен жүргізіледі.

**Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры** — **Б. Асылов**

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
КАДРЛАРДЫ ДАМЫТУ ДЕПАРТАМЕНТІ
Жумабекова ҚОЛЫ

000311